ЖШС «Рабия»бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН
«Рабия» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі
Абданбекова Л

2025-2026 оқу жылына арналған балабақша психологының ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Scanned with CamScanner

Мақсаты:Ата-аналар мен балабақша арасындағы өзара серіктестікті нығайту арқылы балалардың психологиялық, эмоционалдық, тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру және бала тәрбиесінде саналы көзқарас қалыптастыру.

Айы	Бағыты	Іс-шара атауы	Өткізу барысы	Нысаналы топ
Қыркүйек	Психодиагностикалық	Ата-аналарға арналған сауалнама	Сауалнама	Ата-аналар
Қыркүйек	Психологиялық ағарту	«Шыншыл бала – сенімді болашақ»	Жадынама	Ата-аналар
Қазан	Консультациялық	«Қауіпсіз Интернет» психологиялық кеңес	Кеңес	Ата-аналар
Қазан	Психодиагностикалық	«Адалдық – отбасыдан басталады»	Сауалнама	Ата-аналар
Қазан	Психологиялық ағарту	«Балаға адалдықты қалай үйретеміз?»	Баяндама	Ата-аналар
Қараша	Психодиагностикалық	«Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?»	Сауалнама	Ата-аналар
Қараша	Психологиялық ағарту	«Бала және ата-ана арасындағы сенім көпірі»	Тренинг	Ата-аналар
Желтоқсан	Психологиялық ағарту	«Жанұяда зорлық – зомбылық болмасын»	Баяндама	Ата-аналар

Scanned with CamScanner

Қаңтар	Консультациялық	«Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда мотриканы дамыту»	Кеңес	Ата-аналар
Ақпан	Психологиялық ағарту	«Жүрек жылуы»	Тренинг	Ата-аналар
Наурыз	Психодиагностикалық	«Бала мен ата-ананың қарым-қатынасы»	Сауалнама	Ата-аналар
Сәуір	Психодиагностикалық	«Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	Сауалнама	Ата-аналар
Мамыр	Психологиялық ағарту	«Менің балам кандай?»	Тренинг	Ата-аналар

Scanned with CamScanner

Ата-аналар жиналысының

хаттамасы № 1

Өткізілу уақыты: 05.09.2025

Тақырыбы :«Бала тәрбиесі-баршамызға ортақ»
Мақсаты:
1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүтінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Қатысқаны – 35
Қатыспағаны – 15

Күн тәртібінде
1.Ата –аналарға балабақша ережесін түсіндіру
2. Ата-аналарға кеңес «Бала сұрағына қалай жауап беру керек?»
3.Сауалнама жүргізу.

Тыңдалды:

1.Мәселе бойынша әдіскер ата –аналарға жалпы балабақшаның ережесін түсіндіріп өтті. **ата-аналарының тәртіп ережесін:**
1.Балаңызды балалар бақшасына ұқыпты етіп киіндіріп, өз қолыңызбен тәрбиешіге тапсыруыңыз сұралады. Сіздің балаңызды тәрбиеші бейтаныс кісіге, кәмілеттік жаска толмаған балаға, ішімдік ішкен кісіге беруге мүлдем болмайтынын ескертеміз.

2.Балаңызды балабақша жарғысына сәйкес сағат 8.00-8.30 тамақтануға дейін қалдырмай әкелгеніңіз жөн, себебі баска балалармен бірге ертеңгілік жаттығуды жасауға, ойын ойнауға, ертеңгілік аска дейін достарымен еркін жүздесуіне қолайлы.

3.Егер Сіз, балаңызды ертеңгілік жаттығу жасалып жаткан мезгілде әкелсеңіз, онда жаттығу біткенше тәрбиеші мен балаларды алаңдатпай баланы шешіндіріп, шешіну бөлмесінде күте тұрғаныңыз абзал.

4.Сізден балалардың қалтасында өткір, ұсақ т.с.с заттар, ойыншықтардың болмауын және тамақ (алма,кирешки,құрт,сағыз,конфет т.б) акелмеуін қадағалауыңызды сұранамыз.

6.Балаңыз ауырған кезде балабақшаға баламен бірге дәрі – дәрмек бермеулеріңіз сұралады.Баланың ауырған, санаторлық-курорттық емделу кезінде, карантин болған жағдайда

Scanned with CamScanner

ата-анасы демалыста болғанда және дәлелді себептермен уақытша болмаған жағдайда (ауруы, іс-сапарда болуы т.б.) сондай-ақ жазғы маусымда 2 ай мерзімге дейін, «Ата-анасының» демалыс ұзақтығына қарамастан ата-ананың себебі көрсетілген өтініші бойынша балаға демалыс беріледі.

7.Егер де ата-ана кандайда бір себептермен баланы балабақшадан шығарып алатын болса, балабақша әкімшілігіне 30 күн бұрын хабарлауға тиіс.Балабақша әкімшілігі де ата-аналармен түзген шартқа байланысты келісімді бұзатын болса ата-аналарға 30 күн бұрын ескертеді.

8.Тәрбиеші баланың көңіл-күйін анықтау мақсатында таң ертең балаларды таңғы сүзгіден өткізіп қабылдайды.

9.Сізден сұранатынымыз, ауырған баланы балабақшаға әкелмеңіз, үйде емдеңіз! Ауырғандығы жөнінде тәрбиешілеріңізге хабарланыз. Баланың бақшаға себепсіз келмеген күндері 1 күннен аскан жағдайда анықтама болуы керек. Ал бала ауырып калған жағдайда міндетті түрде балабақшаға қатысуға болады деген анықтамамен әкелуіңіз сұралады.

10. Балаларыңызға уақытылы ету салдыруды ұмытпауларыңызды сұранамыз.

11.Әр айдың 10-на дейін жас ерекшелігіне қарай уақытылы ата – аналар жарнасын төлеуіңіз сұралады.

12. Балаларыңызға алтын-күміс әшекейлер мен ұялы телефондар бермеулеріңізді сұранамыз. Жоғалған жағдайда балабақша жауапкершілік алмайды.

13.Балабақшадан балаларыңызды 18-30-дан қалдырмай алып қайтуларыңызды сұрайды. Балабақшаның жұмыс уақыты 8^{30}. Сағат $8^{00} - 18^{30}$.

14.Балаңыздың білім деңгейін білгіңіз келсе жылына екі рет ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне, танертеңгілікке, және ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шараларға ата-аналардың қатысуына толық жағдай жасалған.деп нақты айтып өтті

2-мәселе бойынша тәрбиеші Узакова Жазира сөз сөйледі Бала өсе келе қылықты бола бастайды. Сол әрбір қылығын жас ата-ана қызық көріп, еркелетеді. Қазақта «ұл-қызыңның қызығын көр» деген жақсы сөз бар. Сол қызықтың ішінде баланың «Анау не?», «Мынау не?» деген таусылмайтын сұрақтары бар. Бала кандай сұрақ қойсада балаға нақты әрі түсінікті жауап беру қажет . сөзімен қатар тәрбиеші мынадай кеңес ере кетті

Балаңыздың бойында белгілі бір қасиеттің көбірек болғанын қаласаңыз, назарын соған бағыттаңыз. Кез келген ата-ана баласының мейірімді, махаббатқа толы әрі ақылды болып өскенін қалайды. Қазіргі таңда кей адамдар табысты, әлемге танымал тұлғаларға қарап, "Олар — жаратылысы ерекше жандар. Маған қарағанда әлдекайда ақылды, мен олар секілді бола алмаймын" деп ойлайды. Бұл — қате. Есейген шақта балаңыздың осылай ойлаушылардың қатарынан болғанын қаламасаңыз, бүтіннен бастап ақылды екенін жиі айтыңыз. Ақылы мен ой-өрісін дамытуға арналған кітаптар сыйлап, ойындар ойнатыңыз деді.

3-мәселе тәрбиеші ата аналардан балабақша жайлы бірнеше сауалнама алды

Scanned with CamScanner

АТА – АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА.

Қалалық білім беру бөлімі сіздің балаңыз баратын бала

бақшаны аттестациядан өткізуде.

Сізден төмендегі сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз:

1. Балаңыздың жасы_____

2. Сіз қалай ойласыз, балабақша

- ауыл ішінде белгілі ☐

- балабақша туралы ешкім ештене айтпайды ☐

- жауап беруге қиналамын ☐

3. Балабақшаның балаңызды тамақтандыру деңгейіне ризасыз ба?

ИӘ ЖОҚ

(қажетінің астын сызыңыз)

4. Сіздің балаңыз балабақшаға:

- барғысы келіп тұра ☐

- күштеп, көз жасын көлдетіп апарамыз ☐

- өз ниетімен барғысы келетін кезі ☐

5. Мен балам бақшадан:_____деп ойлаймын

- жаңа білім, дағды мен іскерлікке үйр ☐ еді

- жаңа ешнәрседе алма ☐

- жауап беруге қиналамын ☐

6. Мен_____ көбірек көңіл болу керек деп есептеймін:

- баланың денсаулығын нығай ☐ а

- оқыту мен тәрбиеле ☐

-имандылық – көркемдік тәр ☐ е ☐

7. Топтағы педагогтардың жұмысына көңіліңіз тола ма?

ИӘ ЖОҚ

(қажетінің астын сызыңыз)

Scanned with CamScanner

Егер де жоқ болса, сізге не ұнамайтынын ашын жазыңыз:

_____

_____

Сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз:

_____

_____

Қорытынды:сауалнаманың нәтижесі бойынша 85% ата-аналар үшін бала өмірлерінде ең құнды болғаны.Баланытек түсініп қана қоймай әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысады. Қалған 15% ата-аналартәрбиешілік қабілеттері бар, бірақ тәжірибеде әркашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етеді. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақ.

Ұсыныс:ата-аналардың біліктілігін арттыру мақсатында мектепке дейінгі баланың психологиясына тән ерекшеліктерін түрлі жолдармен ата-аналардың сана сезіміне жеткізу

. Ағымдағы мәселелер ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

« Рабия» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі: **Абданбекова Л.Қ**

Балабақша хатшы: **Мырзабек А**

Scanned with CamScanner

Ата -аналар жиналысының
Хаттамасы №2

«10»10 «2025»

Тақырыбы :«Бала тәрбиесі-баршамызға ортақ»
Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерту,балабақшамен тығыз байланыста болуын қалыптастыру.

Қатысқаны – 40
Қатыспағаны – 10

Күн тәртібінде
1. Балалардың тамақтануы, азық түліктердң дайындау

2. Мәдени –гигиеналық шаралар
3.Мерзімдік Әдіскер Адамзат баласының ең негізгі мақсаты-дүниеге келген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау.Бала ата-ананың көз қуанышы,болашағы.Бүгінгі біздің пікірталасымыздың тақырыбы: «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»-деп аталады

1.Мәселе бойынша тәрбиеші Балабақшадағы тамақтану мәдениеті- казіргі заман талабының кажетті ғылым. Балалардың күні бойы балабақшада болатындығына байланысты дұрыс, пайдалы, мәдениетті және ұқыпты тамақтануды үйретуі тәрбиешінің мойына жатады. Дұрыс тамақтану- баланың денсаулығын сақтау, калыпты өсу мен дамуының негізгі шарты.

Этикет сабақтары баланың ерте жасынан басталуы тиіс. Бала үстел басында тек дұрыс отыруды ғана емес, сонымен катар асхана құралдарымен пайдалануды, сыпайы , ұқыпты болуға үйренеді. Қазіргі таңда педагогтың алдында жалпы қабылданған халықаралық қоғамдастықтағы үстел басында өзін-өзі ұстау ережелерін, мәдениетті тамақтануды ұйымдастыру туралы сұрақтар туындайды және де отбасында осы ережелерді сақтауына ықпал ету. Балабақшада балаларды европалық классикалық тамақтану мәдениетіне сай үйретеді. Шанышқы сол қолында, пышақ оң қолында. Осыған сүйеніп, үстелді жабдықтайды. Шанышқыны кіші топтардан бастап, ал пышақты- ересектер тобынан бастап береді.

Тамақтану уақытына байланысты үстелді әр-түрлі қылып жабдықтайды.

Таңғы аска арнап үстелге сүлгі салынған ыдысты, май салынған тарелке, шынықаяқ табақшасымен (шынықаяқтың қолы оң жаққа қарап тұру керек), тарелке, шанышқы сол жағынан (тістерімен жоғары), пышақ (пышақ жүзі тарелкеге каратып) пен қасықты оң жағынан қояды. Ыдыс-аяқты отырған баланың сол жағынан әкетеді.

Түскі ас таңғы аска ұқсатып жабдықтайды. Үстелдің үстіне сүлгі, нан саланған ыдысты, шынықаяқ шай қасығымен (компоттағы жидектерді теріп жеу үшін) бірінші тағамға

Scanned with CamScanner

арналған тарелке, тарелкенің сол жағынан шынышқыны (тістерімен жоғары), пышақ (пышақ жүзі тарелкеге қаратып) пен қасықты оң жағынан қояды.

Бесін ас та таңғы ас секілді жасалады. Бір ғана ерекшелігі бар - май қойылмайды.

Үстел басында балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруы.

Есейген сайын баланың үстел басында отыру дағдылары жетілдіріліп отырады. Егер де кіші топпен ересек топтарына кіріп шықсаныз, айырмашылықты көріп қана қоймай, естіде аласыз. Баламен қарым-қатынас орнату үшін психологиялық дайындық қажет. Әңгіме орнату- бұл шеберлік, бәрінің қолынан келе бермейді және үйренуге де қиынға соғады. Ең маңыздысы –әңгіменің оқыту мақсатында болмағаны. Әңгіме бейтарапты тақырыптар бойынша қозғаған жөн. Мысалы, түскі аста қолданылған азық-түлік туралы, немесе балаларға тағамнан қайсы ұнайтыны туралы әңгіме қозғауға болады. Және де «Ас болсын!» деп айту міндетті түрде айтылу қажет деп нақты түсіндіріп өтті.

2-мәселе бойынша Тәрбиеші баяндама оқыды .
Балалардың алғашында үйренген мәдени-гигиеналық дағдыларын өздігінен істеуін үйрету. Балалардың бойындағы дербестік дағдыларын және көңіл -күйдің жақсаруына себеп болатын жағымды әдет-қылықтарды дамытуды қолдау. Әрдайым балаларға кеудесін тік ұстап жүруді ескертіп, естеріне салып отыру. Дастархан басында отыру мәдениеті мен этика ережелерін қалыптастыруды жалғастыру.
Қимыл- қозғалыс техникасымен және олардың орындалуындағы қолдануға болатын әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұсыну. Спорттық жаттығуларға, жарыстарға, сайыстарға қызығушылықтарын арттыру. Өз қимыл- қозғалыстық мүмкіндіктерін жақсартуға ынталандырып, олардың орындалуына шығармашылық тұрғысынан қарау қажет. Әртүрлі жағдайда кеудені тік ұстауды үйрету.
Мүмкіндігінше табаны қыртысты аяқ киімдер алу керек. Егер балаңыздың етігінің табаны тегіс болса, аяқ киім шеберханасына барыңызда аяқ киімді қысқы мезгілге лайықтап беруін өтініңіз. Ал үйде болған жағдайда табанына қарапайым жабыстырма жабыстырады, бірақ ол ұзаққа жетпейді. Әсіресе аяқ киім ыңғайлы, қажамайтындай болуы маңызды деп толықтай айтып өтті. Мәдени-гигиеналық шаралар .

Гигиеналық талаптарды сақтау:

1) тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айту;

2) жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту;

3) киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу;

4) баланың түбекке сұрана білу дағдыларын қалыптастыру, өзінің түбегінің орнын білу; тек өз түбегіне отыру;

5) бет орамалмен ескерткен кезде мұрнын сүрту, оны қалтасынан өзі алу және салу;

6) өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.

3- мәселе бойынша Тәрбиеші сөйледі Мерзімдік Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Scanned with CamScanner

1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;

2) киімдегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;

3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауала және суда шынықтыру шараларын жүргізу;

4) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Бөлме температурасы +22°С төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;

5) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын +36°С бастап +28°С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градуска төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінуде су температурасын +35°С бастап +23°С дейін (4 күн сайын 2 градуска төмендету) төмендету, карама-қарсы температуралағы жылы, салқын су құю: басында су температурасы +36°С бастап +25°С дейін, соңында +38°С бастап+18°С дейін төмендетіледі.

Күтілетін нәтижелер:

қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;

жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындайды;

күнделікті шыныгу тәсілдерін біледі;

ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтайды деп нақты атап өтті.

Ағымдағы мәселелер ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

« Рабия» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі: **Абданбекова Л.Қ**

Балабақша хатшы: **Мырзабек А**

Scanned with CamScanner

Ата-аналар жиналысының

хаттамасы № 3

«12»қараша «2025»

Тақырыбы :«Қиын бала қайдан шығады?»
Мақсаты:
1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүтінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Қатысқаны – 38
Қатыспағаны 12

Күн тәртібінде

1.Балабақша жетістігі туралы
2. Жаз мезгіліндегі балалардың атқарылатын жұмыс барысы
3.Ата-ана комитетінің есебі

4. «Менің балам қандай?» тренинг

Тыңдалды:

Әдіскер ата –аналарға жалпы қоғамда қиын бала қайдан шығады деген сұрақты талқылады.

Тәрбие, тәрбие десек те, кешегі дүние есігін «іңғәлап» ашқан сәбиімізден, бал тілді баламыздан өсе келе тілазар, тентек, еркетотай, сондай-ақ жасық, қыныр, ұстаздар тілімен айтқанда «қиын бала» қайдан шығады деп таң қаламыз? Бұл мәселе жөнінде өмірде кездесіп жүрген жәйттерден мысалдар келтіре отырып ой толғауды жөн көрдік.

Баланың қылығы, әдеті, іс-әрекеті әр үйелменнің айнасындай. Бала көргенін қайталайды, яғни үйдегі тәрбие баланың әдетіне өз таңбасын салып отырады. Мысалы, баланың тоңмойын, қыңырлығы үйелмендегі тым қаталдық, мейірімсіздіктің ізі болса, тәкаппарлық мінез баланы шектен тыс еркелетіп, шолжаңдатудың нәтижесі емей немене? Оған ата-ана тарапынан бақылаусыздық қосылғанда баланың тәртіпсіз, «қиын» атануы оп-оңай. Еркелетудің де жөні бар. Кейбір ата-ана «немермнің алды, кенжем немесе тұла бойы тұңғышым еді» деп баланың айтқанының бәрін орындап, шектен тыс еркелетіп жібереді. Шектен тыс еркелеп өскен бала ешкімнің айтқанына көнбейді, ата-анасының өзін тыңдамайды, еңбекке мойыны жар бермейді, тіпті сабақка да онша құлқы соқпайды. Ондай бала тек өз ойының ғана іске асуын көздеп, біртіндеп өзімшіл, өркөкірек болып өседі. Мұндай жақсы көрудің өзі баланың дұрыс тәрбиеленуіне зиянын келтіреді. Бұл кейін баланы да, тәрбнелеген ата-анасын да әртүрлі әбігерге салады деп нақты айтып өтті.

Scanned with CamScanner

1-мәселе «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз!», «Казахстан – огромный и разный», «Тілім – тірегім», «Тіл көңілдің – айнасы», «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты іс-шаралар өткізілді.

«Алтын күз» мерекесіне арнап музыка жетекшісі Пирназаров мен тәрбиешілер бірігіп, «Күзгі сыңырауқұлақтар», «Осень золотая в гости к нам идет», «Алтын күз», «Алтын күз мерекесі», «Күз сыйы», «Волшебный сундучок» атты ертеңгіліктер дайындалды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жылдық мерекесіне музыка жетекшісі Пирназаров мен тәрбиешілер бірлесіп «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!», барлық топтарда «Тәуелсіздігім – мақтанышым!», « «Елбасы мен тәуелсіздік», «Тәуелсіз елім – тұғырың сенің бүйікте», «Тәуелсіздік – тірегіміз» атты тақырыптық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылды және «Астана – тәуелсіз елдің символы» атты балалар суреттерінің көрмесі дайындалды.

Музыка жетекшісі Пирназаров мен тәрбиешілер Жаңа 2023 жылға ертеңгіліктер ұйымдастырды. Атап кетер болсақ: «Балдаурен сәбилер тобында «Аяз ата балабақшада», «Ботакан» ортаңғы тобында «Қоянның үйі», «Құлыншақ» ересек тобында «Жаңа жылдық оқиға» атты мерекелік шаралар өткізілді.

2 - мәселе : Тәрбиеші жаз мезгілінде балалардың атқаратын жұмыс барысымен таныстырып өтті, және бірнеше бақылау түрін көрсетті. Ауа- райын бақылау БақылауАуа -райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату.Маусым -жаз басы, алмалар гүлдеп болады, күннің төгілуі,ылғалдар -өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт-құмырсқалардың, құстардың келуімен байланысты; 22-маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өткен жөн.Шілде - ең ыстық уақыт; күндізгі күннің ыстығы түн суығына ие болады да, жиі күн күркіреу, жаңбыр болады.Тамыз - күні ыстық, түні суық, температура азаяды. Суыту алғашқы қатуға әкеледі.Балаларға жаз табиғатының өзгерісі жөніндегі білімін нығайту.Қимылды ойын«Тату, барлығы бірге»Алаңның қарама қарсы жағына тепе теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту. Еңбек іс-әрекетіҚұмның үстіне құм себу және суаруЕңбекке қатысу , еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету деп айтып өтті.

Отбасы әр нәрсенің басы, баланың жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Ата-анамен отбасының басқа да мүшелерінің (ата-әже, аға-апа, т.б) балаларды тәрбиелеп үнемі қадағалап отыруы орасан зор еңбек. Баланың жастайынан психикасының яғни мінез-құлқы, сана сезімінің дұрыс жетіліп, өз жасына сәйкесінше дамып отыруы отбасынан сіңірген тәрбиеден орын алады. Халқымызда жақсы мақалдар айтылып келеді, яғни «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей даналық сөздердің берер мағынасы зор. Бала есейе оның бойында қалыптасқан оғаш әрі теріс мінездерін байқасақ, оны өзгерту қиынға әкеп соқтырады. Ұлы педогог А.С. Макаренко өз іс-тәжірибесінде ол туралы былай деген еді: «Балалардың алдында өздерінің аса беделді болуын қаламайтын ата-ана жоқ. Өздерінің қандай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, балаға өктемдік көрсетіп тәрбиелейтін ата-ана бар екені рас. Ойланып қарасақ, бұл өте қателік екенін білеміз бе? Мұндай жолмен келген шыншыл әрі адал баланың санасы есейе келе мүлдем жойылады». Баланың психикасы көрген-білген, естіп жүрген нәрселерімен бірге қалыптасады. Әрбір тәрбиеші немесе ұстаз ата-аналармен тығыз байланыста болуы шарт.

Әрбір ұстаз ата – аналармен қарым – қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ата – ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарса, ата – ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие

Scanned with CamScanner

жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуда дей келе ата ана комитеті балабақшада аткарылган жұмыстар жайлы айтып, барлық іс шараларға балабақша мен ата ана бірлесе жұмыс істегендіктерін, балалардың екі жақтан мецлінше тәрбие алып жатқандығын , балабақшада мерекелер кез келген іс шараға ата аналардың мейлінше үлес косуы туралы айтып өтті.

4 мәселе Әдіскер тренинг өткізді.

Жалғасын тап

1.Баланы колдап отырса.....

2. Егер баланы үнемі сынап отырса.....

3.Балалға үнемі күлсе.....

4.Бала кекшілдікте өссе.....

5. Бала төзімділікте өссе.....

Жағдаяттық тапсырмалар

1.Тоқсандық қорытынды бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2.Балаңыз мектептен жылап келді «Мұғалім маған ұрысты»деп. Сіз не істер едіңіз?

3.Бала мен бала мектептен шығып келе жатқанда бір-бірімен төбелесіп қалды. Ол бала сіздің балаңыздың өте жақсы жолдасы еді.

Сіздің іс-әрекетіңіз?

4. Балаңыз өте жақсы оқиды. Бір күні сабақтан екі алып,мұғалімнің ескертпесі күнделігіне жазылып келді.Сіз не істер едіңіз?

Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасы – бұл мектеп те ақпарат көзі, қоғамдық ұйымдарда, еңбек ұжымы да, дос жарандары да. Отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті. Тіптен «балалық шақ» деген ұғым отбасы мен балабақшаның бірігіп ұйымдастырған бүлдіршіндер тәрбиесімен шектеседі.

« Рабия» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі: **Абданбекова Л.Қ**

Балабақша хатшы: **Мырзабек А**

Scanned with CamScanner

Қиын бала қайдан шығады?

Тәрбие, тәрбие десек те, кешегі дүние есігін «іңгәлап» ашқан сәбиіміздің бал тілді баламыздан өсе келе тілазар, тентек, еркетотай, сондай-ақ жасық, қыңыр, ұстаздар тілімен айтқанда «қиын бала» қайдан шығады деп таң қаламыз? Бұл мәселе жөнінде өмірде кездесіп жүрген жәйттерден мысалдар келтіре отырып ой толғауды жөн көрдік.

Баланың қылығы, әдеті, іс-әрекеті әр үйелменнің айнасындай. Бала көргенін қайталайды, яғни үйдегі тәрбие баланың әдетіне өз таңбасын салып отырады. Мысалы, баланың тоңмойын, қыңырлығы үйелмендегі тым қаталдық, мейірімсіздіктің ізі болса, тәкаппарлық мінез баланы шектен тыс еркелетіп, шолжаңдатудың нәтижесі емей немене? Оған ата-ана тарапынан бақылаусыздық қосылғанда баланың тәртіпсіз, «қиын» атануы оп-оңай. Еркелетудің де жөні бар. Кейбір ата-ана «немермнің алды, кенжем немесе тұла бойы тұңғышым еді» деп баланың айтқанының бәрін орындап, шектен тыс еркелетіп жібереді. Шектен тыс еркелеп өскен бала ешкімнің айтқанына көнбейді, ата-анасының өзін тыңдамайды, еңбекке мойыны жар бермейді, тіпті сабаққа да онша құлқы соқпайды. Ондай бала тек өз ойының ғана іске асуын көздеп, біртіндеп өзімшіл, өркөкірек болып өседі. Мұндай жақсы көрудің өзі баланың дұрыс тәрбиеленуіне зиянын келтіреді. Бұл кейін баланы да, тәрбиелеген ата-анасын да әртүрлі әбігерге салады. Ракила деген қыз бала ата-ананың ең кенжесі, еркесі де сол. Әсіресе, шешесі оның айтқанының бәріне көнеді. Тіпті «аспандағы айдан бір жапырақ үзіп бер» десе де, соған жанын салар-ау деп ойлайсың. Үй ішіндегі басқа адамдардан да Ракиланың талабын орындауын талап етеді. Күз айы. Далаға шық түсіп, таңертеңгі ауа әжептәуір салқындап қалған кез. Соған қарамастан Ракила мектепке жалаң форма көйлекпен кетті.

- Ракилаш, үстіңе тым болмаса тоқыма жемпіріңді киесең етті, - деген шешесінің сөзін құлағына ілген де жоқ.
- Иә, саған, тоңбаймын, - деп мұрнын шүйіріп кете барды. Содан мектептен бет-аузы көгеріп, қалтырап келді. Келісімен ыстық тамақ ішіп, бойы жіпсіді. Артынша далаға ойнауға шықты.
- Теріңді бас, киініп шық.
- Неғылады?
- Суық тиеді, ауырасың.
- Иә, саған, ауырмаймын, - деп еркесі ерегесіп өз бетімен кетеді.

Түн жарымында ыстығы 39 градусқа көтеріліп қатты ауырған Ракилаға үй-іші түнімен әбігерге түсіп, дәрі берді. Ертеңгілікте ыстығы басылып, басы жазылып, орнынан тұрып ойнап жүре берді.

- Түнде лене қызуың болды, бір-екі күн жат, далада ойнама дегенді де тыңдамады. Бірақ сол күннен бастап жұтынғанда тамағы ауыратын болыпты, ерке қыз оны ешкімге айтпады. Осыдан жарты жылдан соң Ракиланың ауруы асқынып, айлап ауруханаға жатуға тура келді. Ақыры анасының алаканына салып аялаған еркесі аурушаң болды.

Scanned with CamScanner

Мінеки, шектен тыс баланың ырқына жүрудің берген пайдасы. Анасы өз қылығына кейін өкінді-ай келіп, бірақ не пайда? Кейбір ата-ана баланы әлі жас қой, есі кіргенде өзі жөнделіп алады ғой деп тәрбиені кейінге қалдырады. Сөйтіп жүріп баланы еркіне жіберіп, уысынан шығарып алғанын байқамай қалады. Мұндай жағдайда ата-ана бала өзіне-өзі келіп, тәрбие ырқына көнбей бара жатқанда ғана өкінеді. Барлап қарасақ, тіпті жөргектегі сәбидің өзіне де тәрбие керек екен. Уақтысымен тамақтандырып, уықтысымен ұйықтатылған нәрестe сол мерзімге дағдыланады да, мезгілсіз жыламайтын болады. Ал, керісінше үнемі көтеріп жүрсе бала қолдан тастамай көтеруді талап етіп шырылдайтынды шығарады. Сыздықбай деген кісі жалғыз баласы Сұраганды мектепке барғанша ерке, шолжаң етіп тәрбиеледі. «Ерке» бала бастауыш мектепті бітіргенше еркелігін қоймады, мұғалімдердің айтқан ақыл-кеңестерін «балажан әке» ескермеді. «Қайтер дейсің, ержеткен соң түзелер» деп 12-13 жасар баланы «сәби» ретінде ұстады. Ақырында сол Сұраған жетінші сыныпты да бітірмей, оқуды тастап кетті. 18-19 жасқа келгенше үй шаруашылығына да, қоғамдық еңбекке де араласпады. Әкесі еңбек жасынан асқанша ол берекелі жұмыс істемеді, колхоздың «жалқау» мүшесі болып, қарт әкенің азғана дәулетін шашумен болды. Ақыры ішімдікке салынып қатардан шықты, ата-анаға қасірет әкелді. «Тәйт» деген тыю естімей, бетімен кеткен бала көбіне өзімшіл өркөкірек, үлкенді ата-ананы сыйламайтын тілазар, әлі келгенді жәбірлеуге бейім тұратын содыр, жан қинап еңбек ету орнына оңай олжа табуды артық көретін арамтамақ болып өсетіні жөнінде өмірде кездесіп жүрген осындай мысалдар аз емес.

Бұл айтылғандардан әсте «баланы еркелетпеу керек» деген ұғым тумайды. Баланы жақсы көру, еркелету де әкелік, аналық мейірімге тән табиғи мінез. Бірақ еркелету деген баланың ыңғайымен жүру, қисық-қыңырына да көне беру деген сөз емес. Жақсы тәрбиенің әліппесі – баланы әрбір шалыс, ағат қадамнан оң жолға, өнегелі жолға бұрып отыру болса керек.

Scanned with CamScanner

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№4

Қатысқан ата–аналар саны: 50
Қатыспағандар: 5
Себепсіздер:0

Күн тәртібінде:

1. Танысу шеңбері «Достық» таныстырушы :

2. «Тазалық-денсаулық кепілі» Кеңес беруші медбике Якубова Н.

3.Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселебойынша: ТӘРБИЕШІ өз сөзінде Балабақша ҚР жалпыға міндетті стандартының «Үлгілік оқу»бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылындағы іс-жоспарымен таныстырды.
Ал ата-аналар«Достық»шеңбері арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.Бір-бірімен танысты және өз балалалары туралы тілктерін айтты.

Сөйлегендер.
Бірінші мәселе бойынша ата-ана өз сөзінде осы Балабақшаны таңдағандарына өкінбейтіндерін,мұндағы қызметкерлерге баланы толықай сеніп тапсыруға болатынын айта келіп,өз балалсының мінезіне тоқталып,тәрбиешілердің Баланың тілін табатынна сеімді екенін айтты.

Екінші мәселе бойынша: «баланың балабақшаға бейімделуі туралы» кеңесі
Алғаш бала бақша табылдырғын аттаған балалардың ата-аналарына баланың алғашы бейімделуі туралы кеңестерімен бөлісті. Тәрбиеші өз сөзінде баланың алғаш бала бақшаға бейімделе алмауының бірнеше себептерін атап көрсетті.Олар:
-Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
-Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен,
-Кейбір тағамдарды жеу дағдылары.
Сонымен қатар баланың тез бейімделуі үшін үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың режимі мен бірдей етіп ұймдастыру,бала бақша туралы дұрыс көз қарасты сөздер айту,үйдегі жағдайда балаға өз-өзіне қызме етуге үйрету т.б кеңестерімен бөлісті.

Scanned with CamScanner

Сөйлегендер:
1.Ата-ана:Адилгиреева Асел өз сөзінде баласының бала бақшаға бейімделу уақытының созылғанына және оның себептерімен бөлісіті.Қобалжулары қатты ата-аналардың баласы балабақшада қиын бейімделеді.Өйткені ата-ананың қобалжуын көріп баланыңда қорқынышы ұлғая түсетінін айтып өтті.
2.Ата-ана:Тилеулиева Мадина өз сөзінде кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмай демалыс алу керектігін айтты.
3Ата-ана:Сауранбай Асел өз сөзінде баланы бала бақшаға әкелген соң қоштасуды созбауды және баланы тыныштандру үшін жаңа ойыншық және ұнайтын заттарын алып беріп алдаудың дұрыс емес екедігін ескертті.
Үшінші мәселе бойынша:«Тазалық-денсаулық кепілі». Кеңес беруші медбике Хаптаун Зауреш
өз сөзінде мектепке дейінгі мекемеге түсу әр балаға байсалды қадам.
Осы кезде қоршаған орта балаға кенет өзгереді: жақын адамдарның орнына тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшісі және басқа бөтен адамдар пайда болады. Осының бәрі жаңа балалар ұжымында болады, әр баланың өз орны, өз ойыншықтары, достары бар болады. Сәби көптеген кереуеттерімен ұйықтау бөлмесіне, дәретханаға ұжымдық пен сапарға бару және басқа қоғамдық тәрбиенің атрибуттарына баяу үйренеді. Мектепке дейінгі мекемеге үйренуге балаға көмектесу керек. Осы көмекті ата-аналар баланың балабақшаға келуіне дейін ұйымдастыру керек.
Сау денелі болу үшін тазалыққа барынша мән беру керектігін,балалардың дұрыс таза киінуін,үнемі жеке гигиена сақтауын және мезгіліге байланысты жиі кездесетін жұқпалы аурулардың алдын алу және көресу жолдарымен таныстырды.
Сөйлегендер:
Ата-ана:Алимбекова Робиа өз сөзінде әр ата-ана балаларының жеке гигиенасына көңіл болу керек екенін ескертті.
Сөлегендер:
1. Ата – ана : Үндемес А бұл міндетке ата –ана Қасымалиева Қымбатты, Мүшелеріне Медеуова Райхан жанеТопшакова Қарлығашты лайық көретіні жеткізді.

2.Ата-ана:Иманбаева Мақпал Бекмурзинаны қолдап,мақұлдады.
3.Ата-ана:Талдыхан Дана сайланған мүшелерді жақсы білетінін,олардың бұл міндетті атақара алатынын зор сеніммен айтатынын жеткізді.
Бесінші мәсле бойынша :

1- Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру

2- Келісім шартпен таныстыру.

1. Осы мәселе бойынша топ тәрбиешісі Исакова В сөз сөйлеп,ата-аналарды балабақшаның күн тәртібімен таныстырды.

2. Ата-аналарды келісім шартпен таныстырп,ондағы айтылған ережелерге жеке-жеке тоқталды,Мысалы:баланы кешіктрмеу,төлем ақы жарналарын уақыты

Scanned with CamScanner

төлеу.Ата-аналарға келсім шартқа қол қоймас бұрын жақысылап танысып алуларын ескертті.

Сөйлегендер:

Ата-ана:РахимоваКамила өз сөзінде балабақшаның күн тәртібімен үйдегі жағдайда режимді сәйкестендіру туралы ойын білдірді.

Шешім:

1.Таныстыру қанағаттандырлыды.

2023-2024 ж оқу жоспары назарға алынсын.

2. : «Баланың бала бақшаға бейімделуі» кеңесі қанағаттандыраралық.

3. Медбике Якубова Н . «Тазалық-денсаулық кепілі» кеңесі қанағаттандырарлық деңгейде.

4.Әр түрлі мәселелер.Балабақшаның күн тәртібінің орындалуы,келісім шарттағы мәселелердің орындалуы назарға алынсын.

« Рабия» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі: Абданбекова Л.Қ

Балабақша хатшы: Мырзабек А

Scanned with CamScanner